



Автор: САДУОВ КАЛИЖАН КОШКИНБАЕВИЧ

Пән: Қазақ әдебиеті

Сынып: 7-сынып

Бөлім: Ұрпақ тәрбиесі

Тақырып: Темірхан Медетбек . «Тәуелсізбін» өлеңі

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	Т/Ж4.Көркем шығармадағы кейіпкер бейнесін ашып, жатқа айту. А/И 3. Шығармадағы көркемдегіш құралдардың (символ, синекдоха, қайталау түрлері: эпифора, анафора, аллитерация, ассонанс, риторикалық сұрақ) қолданысын талдау.
Сабақтың мақсаты:	Т.Медетбектің өмірі мен шығармашылығы туралы және «Тәуелсізбін» өлеңінің сюжетін түсінеді.
Тілдік мақсаттар:	Мәтін ішінен ақпаратты анықтай алады, өз пікірлерін білдіреді.
Күтілетін нәтиже:	Көркем шығармадағы ақпаратқа қосымша ой айтады, өлеңді талдай алады. Көркем шығармадағы кейіпкер бейнесін жан-жақты ашып,үзінділерді нақышына келтіріп жатқа айта біледі.
Бағалау критерийлері:	Тақырып пен идеяны анықтайды; Өлең мазмұнын тарихи деректермен байланыстырып, талдай алады; Лирикалық кейіпкердің көңіл-күйін білдіретін үзінділерді жаттап, мәнерлеп айта біледі. Алған әсерін білдіре отырып, хат жаза алады.
Құндылықтарды дарыту:	Қазақстанның тәуелсіздігі және Астана. Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы
АКТ-ны қолдану дағдылары:	АКТ мүмкіншіліктерін пайдалану (Экранпроектор)
Пәнаралық байланыс:	Қазақ тілі, әдебиет теориясы, тарих, бейнелеу өнері.
Бастапқы білім:	Темірхан Медетбек . «Тәуелсізбін» өлеңі

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (10 минут)	7Сәлемдесу . Ортаға оқушыларды шақырып тренинг өткізу . Әдісі: Ой қозғау стратегиясы Мұғалім: Мен мына кішкентай ғана допқа қарап отырып біздің жерімізді, өмір сүретін мекенімізді көз алдыма елестетіп отырмын. Байқайсыңдар ма, доп та жер шарына ұқсас дөңгелек. Егер барлық әлем сенің алаңыңда тұр деп есептесек, сенде үлкен күш пайда болса нені өзгертер едің? (Оқушылардың қолына допты беріп, жағалай пікірлерін сұрау.) Оқушы: Әлемде татулықтың болғанын қалар едім, Отанын құрмет тұтуын, адамдар бір - бірімен дос болғанын, түсінгенін. Тыныштық, бірлік, бейбітшілік болса, әрбір ел тәуелсіз, егеменді болса деймін. (Оқушылардың пікірі арқылы тақырыпқа шығу.) Мұғалім: Көрдіңіздер ме, жұмыр жерді мекендейтін әрбір тірі жанның, тіршілік иесінің арманы тыныштық, бейбітшілік, егемендік, тәуелсіздік екен. Бүгінгі біздің қозғайтын әңгімеміз ел тыныштығы, бірлігі, тәуелсіздігі туралы болмақ. Сабағымызда тәуелсіздік ұғымының мағынасын терең ашып, жер бетін мекендейтін тіршіліктің өмір сүруі үшін азаттық, бірлік, егемендіктің ролі мен оны сақтаудың маңыздылығын әңгімелейтін боламыз. Тәуелсіздік! Қасиетті де құдіретті ұғымның тереңіне зер салып, ой жіберсек, бұл тәтті сөздің тұңғышында ата - бабамыздың ғасырлар бойғы асыл арманы, азаттық жолында құрбан болған талай боздақтардың ұрпаққа қалдырған аманаты жатыр. Ұлы даланың перзенті қалың қазақтың азаттық мұратындағы қасиетті күрестері, тағдыры алға тартқан талай тар жол тайғақ кешулері жатыр. Қазақ халқының ғасырлар бойы аңсаған арманы 1991 жылдың 16 желтоқсаны күні жүзеге асты. Дүниеге жаңа мемлекет - Тәуелсіз Қазақстан келді.	3 топқа бөлінеді . 1-топ көкбайрақ 2- топ әнұран 3- топ елтаңба Авторларын сұрау : Ту -Шәкен Ниязбеков Елтаңба -Шот Аман Уәлиханов Жандарбек Мәлібек Әнұран -Ж.Нәжмедінов Н.Назарбаев ,Ш.Қалдаяқов

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (20 минут)	Қазақстан тақырыбында сұрақтар қойылады. Тақырып ашылады Тәуелсіздік туралы бейне материал көрсету Атордың өміріне шолу мақсатында «Түйіндеме» толтыру 1. Темірхан Медетбек 1945 жылы 6 наурызда ОҚО Түркістан ауданының Амангелді ауылында дүниеге келген. Ақын орта мектепті бітірген соң, Абай атындағы Ұлттық педагогикалық университетте оқыған. Ақын қазақ поэзиясын өршіл рухты жаңашыл туындыларымен байытты. «Көк түріктер сарыны» атты жинағында замана зары мен бүгінгі күн мәселелері ежелгі түркі жырлары үлгісінде айтылған. Оның «Махамбет рухының монологу» , «Күлтегін», «Тонкөк» дастандары – ұлттық бояуы қанық, күрескер, қайсар әрі мұңшыл романтикалық болмысты толықтай танытқан поэтикалық қуатты шығармалар. Ол украин, өзбек тілдерінен В.Гужва, Е.Вахидов өлеңдерін аударды. Т.Медетбеке «Тағдырлы жылдар жырлары» жинағы үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы берілді. 2. Т. Медетбек «Тәуелсізбін» өлеңін оқып, талдау. Талқылауға арналған сұрақтар: 1. Тәуелсіздік алғанымызға биыл неше жыл? (27жыл) 2. Тәуелсіздік күні қашан атап өтіледі? (16желтоқсан.) 3.Елімізде тәуелсіздік ұғымымен байланысты қандай атаулар мен символдарды білесіздер? 4.Не себепті ... деп ойлайсыз? Атордың өлеңін тыңдату . Оқушылармен бірге Т. Медетбектің «Тәуелсізбін» өлеңін оқиды. Өз ойларын ортаға салады. Сатылай кешенді талдау Авторы:Темірхан Медетбек Тақырыбы: Тәуелсіздік Жанры:Өлең Идеясы: Төккен қан мен асқақ арманның жемісі.Азаттықтың бейнесі Өлең құрылысы :(шумақ ,тармақ, ұйқас) Дескриптор - өлең құрлысын ашады. - теориясын анықтады Сөздікпен жұмыс Шемен-қайғы-қасірет, уайым,шер; Шұлғау – қонышты аяқкіім ішінен аяққа орайтын қалың мата; Жуынды –тамақ қалдығы; Жазира - араб тілінен енген. Кең дала, құрлық жер; Бойлық – географиялық экватордан меридианға дейінгі градуспен белгіленетін аралық, арақашықтық Зтапсырма. Эпитет, метафора, эпифора деген ұғымдарды балаларға түсіндіру. Тәуелсізбін өлеңінен көрнекі құралдарды табу. 3 топ бойынша 1 топ- эпитет, 2 топ-метафораны,3 топ-эпифораны табады. «Бес бұрыш» әдісі 1-топ.Өлеңнен кейіпкер бойынан асқақ рух пен өрлік бейнеленетін үзінділерді тауып жаз. 2-топ. Өлеңнен автордың тарих өткелдерін , қазақ халқының бейнесін сипаттайтын жолдарынан үзінді тауып жаз. 3-топ .Өлеңде қазақ ұлтына тән ұлттық құндылықтар көрінісін тауып жаз. «Жылдам жаттау» әдісі Тәуелсізбін! Тәуелсізбін мен бүгін, Келді, міне, азаттығым, теңдігім, Бостандықта бойлығым мен ендігім, Шешіл енді, шемен болған шерлі үнім Оқушылармен бірге өлеңді мәнерлеп оқу шарттарын еске түсіріп, сол бойынша «Жылдам жаттаған» оқушыларды бағалайды . «Қайта құрастыру» әдісі Әр топқа мұғалім өлеңнің өзі қалаған екі шумағының тармақтарын жеке-жеке қиып береді. Олар тармақтарды мағынасына қарай орналастырып, өлең мәтініне сай құрап шығарады. Бір топқа берілген шумақтар келесі топта қайталанбайды. Топтар құраған шумақтарының біреуін жатқа айтып береді. Жатқа айту әдісін өздері таңдайды. Бір оқушы айта ма әлде өздері іштей бөліп ала ма, оны топ мүшелерінің өздері шешеді. Дескриптор - кейіпкер бейнесін ашады; - үзіндіні жатқа айтады. Семантикалық карта толтыру Топ Кімге? Тақырып 1-топ Ақынға Алған әсерімен бөліседі 2-топ Елбасына Сырласып, пікір айтады 3-топ Тарихи тұлғаға Ризашылық,білдіріп, құрметтеу	ТЖ. Өлеңдерден үзінділерді таба отырып, көркемдегіш құралдарды табады,
Сабақтың соңы (7 минут)	КЕРІ БАЙЛАНЫС «5-5-1»әдісі Қадамдары : 1. Бес сөйлем 2. Бес сөз 3. Түйін бір сөз	«Қайта құрастыру» әдісі

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Рефлексия (3 минут)	Сабақ барысында оқушылар жас ерекшеліктері мен қажеттіліктері ескеріле отырып, тапсырмалар дайындалды. Ұлттық құндылықтарды құрметтеу, әдет-ғұрыптарды қадірлеу ескерілді. Барынша қолдау көрсету үшін тапсырмалар: Оқушылар төмендегі сұрақтарға «Дұрыс», «Бұрыс» деп жауап береді. - «Тәуелсізбін» өлеңінің авторы Ж.Жабаев; - «Жазира» араб тілінен енген сөз; - Қазақстан 1986 жылы тәуелсіздік алды; Орташа қолдау көрсету үшін тапсырмалар: -Тәуелсіздік туралы мақал- мәтелдер мен қанатты сөздер айтып, мағынасын ашады. Қолдау көрсету шектеулі: «Тәуелсіздік-тұғырым!» деген тақырыпта бір шумақ өлең құрастырады немесе сурет салады. Қабілетті оқушылардың өз қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған бұл тапсырмалар тиімді.	http://bilimland.kz/kk